**№4 шағын орталықты орта мектебінің қамқоршылық кеңесінің отырысының №3**

# ХАТТАМАСЫ

Әбжапар ауылы 30.09.2020 жыл

*Қатысқандар:* 7
*Қатыспағандар:* 2 (себепті)

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

**1.**Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының 2020 жылғы 01 қыркүйектегі № 01-4091 хатына сәйкес жаңа оқу жылының бірінші тоқсандағы орта білім беру ұйымдарын қамтамасыз етуге бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуы және «Мектепке жол» акцияның өткізілуі туралы.

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрайымы М.Ускембаева сөйледі. (Т.М.Жатқанбаев жеке жұмыстарымен сырт жақта жүргеніне байланысты келе алмайтындығын, А.Т.Алимбаев денсаулығына байланысты келе алмайтындығын айтып өтті. Сөз кезегін №4 шағын орталықты орта мектебінің директоры Примкулова Айманға берді.

**Сөйледі:** №4 шағын орталықты орта мектебінің директоры Примкулова Айман сөйледі. 2020 жылдың мамыр айынан бастап мектеп ішіндегі әжетханаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мектеп маңдайшасындағы тудың материалының ескіруіне байланысты «Рысбаева и К» компаниясынан сертификатталған сыртқы ту алынып ілінді. 2020 жылдың қаңтар айынан бері аудандық бюджет есебінен тазалық жұмыстары мен маусымдық жөндеу жұмыстарына, берілген заттарға тоқталар болсақ антисептик – 70 литр, сабын – 15 дана, белезна – 6 дана, хлор – 15дана, парашок – 15 дана, еденге арналған мақталы мата – 20 метр, қолғап – 15 дана, еденге арналған 100кг сыр, көк түсті – 70 кг сыр, ақ түстті – 25кг сыр берілді. Берілген заттар толығымен тиісті орындарға жұмсалды.
Білім алушыларды әлеуметтік санаттармен анықтай отырып, нақты тізімін бекіту үшін ата-аналар тарапынан стандарт бойынша қабылданған құжаттарды қарап,анықтап, нақты тізімін кеңес мүшелерімен бекітіліп 25 отбасынан 65 балаға АББ тарапынан жалпы білім қорынан әр балаға бір реттік киім -кешекке 25000 теңгеден ата-аналардың есеп шоттарына ақшалай

аударылды.. « Мектепке жол» акция барысында қыркүйек айында көп балалы , аз қамтылған, тұрмысы төмен отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларға мектепке керекті оқу құралдарын,мектеп формасын,ақ көйлек, сумкалар 8 оқушыға алынып берілді. Атап айтсақ Абдразақ Ақжүрек, Жүрсінәлі Әйгерім, Қызықбай Елжан, Нұрбай Бексұлтан,Орынбасар Жанель, Ғабитқызы Алина,Абылайхан Алинур және тағы бір оқушыға ақшалай 10 000 теңге көлемінде көмек көрсетілді.

**Сөйледі:** Қамқоршылық кеңес мүшесі Ж.Ошақбаева.

Мынау жасалып жатқан жұмыстар өте орынды, өте тиімді екенін айтып өтті. Демеуші жасап жүрген кәсіпкерлер мен ауыл тұрғындарына үлкен алғысын білдіретіндігін айтты. Мына аталған тұрмысы төмен отбасы балаларын танитындығын, жағдайлары төмен отбасыларына қолымыздан келгенше көмек беретіндігін айтты.

**Сөйледі:** Қамқоршылық кеңес мүшесі Ш.Абдикеримов.

Аталған отбасын танитындығын қолдан келгенше көмек беретіндігін айтты. Осы жұмыстарды атқарып жатқан мектеп әкімшілігіне көп рахмет айтатындығын білдірді.

**Шешімі:**

№ 4 шағын орталықты орта мектебі бойынша атқарылып жатқан жұмыстары бойынша демеушілік жасаған, мектепке жұмсалған қаржы есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

1.М.А.Ускенбаева .......................... қамқоршылық кеңестің төрайымы
2. Ж.С. Ошақбаева .......................... қамқоршылық кеңестің мүшесі
3.Ш.Б.Әбдікерімов ..........................қамқоршылық кеңестің мүшесі
4.А.Т.Алимбаев ..........................қамқоршылық кеңестің мүшесі
5.М.Б.Абайдилдаева. .......................... қамқоршылық кеңестің мүшесі
6.А.М.Қазақбаев .......................... қамқоршылық кеңестің мүшесі
7.А.Е.Кулкаева .......................... қамқоршылық кеңестің хатшысы

Хатшы: .......................... Л.Алгазиева